



Falcon Eyes шағылыстырғыштары

CFR-HL/RFR-HL/CRK/

CRK7/CRK-HL/CRK7-HL/RRK/

RRK7/RRK-HL/RRK7-HL сериялы

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Сізге Falcon Eyes фирмасының жиылмалы фотошағылыстырғышын сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Пайдаланар алдында пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны кейінгіде анықтамалық құрал ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз. Жабдықты нұсқаулыққа сәйкес пайдаланбау оның сынуына әкелуі мүмкін екендігін, ол үшін өндіруші жауапты болмайтынын есте сақтаңыз.

Өндіруші бұйымның құрылымына оның тұтынушылық қасиеттерін нашарлатпайтын өзгерістерді, осы нұсқаулыққа өзгерістерді енгізбей-ақ, енгізу құқығын өзіне қалдырады. Бұл жағдайда Сіз осы тауар бойынша өзекті ақпаратпен www.falcon-eyes.ru сайтында таныса аласыз.

Тауарлардың нұсқаулықтағы фотосуреттері өндіруші енгізген жетілдірулерден тауарлардың нақты түрінен ерекшеленуі мүмкін.

Құрылғыда өз бетімен қызмет көрсетуді қажет ететін бөліктері жоқ, сондықтан құрылғыны бөлшектемеуді сұраймыз. Өз бетімен жөндеу кепілдіктен айырылуға әкеледі.

1 Бұйымның мақсаты

Әдетте шағылыстырғыш портрет түсіргенде немесе заттық түсірлімде көлеңкеде орналасқан бөлшектерін негізгі көзден шағылыстырылғын жарықпен «жарықтандыру» үшін пайдаланылады, осылайша кадрдағы жарық теңестіріледі. Шағылыстырғышы бар фототүсірім үшін тек қана табиғи жарық емес, сонымен қатар жарқылдақтың немесе басқа жырықтанырғыштардың жарығы пайдаланылады.

2 Техникалық сипаттамалары

1-кесте. Дөңгелек және сопақ шағылыстырғыштар.

Түсі	Дөңгелек шағылыстырғыштар			Сопақ шағылыстырғыштар		
	Типі	Өлшемі (диаметрі)	Жиылған түрдегі өлшемі, см	Типі	Өлшемі, см	Жиылған түрдегі өлшемі, см
Алтын түсті/ақ	CFR-12G HL	31 см	12 см			
Жарық саңылаулы	CFR-12T HL					
Күміс түсті/ақ	CFR-22S HL			RFR-2844S HL		
Алтын түсті/ақ	CFR-22G HL			RFR-2844G HL		
Алтын түсті / күміс түсті	CFR-22GS HL	56 см	20 см	RFR-2844GS HL	71 x 112 см	38 см
Жарық саңылаулы	CFR-22T HL			RFR-2844T HL		
Күміс түсті-алтын түсті жолақ	CFR-22M HL			RFR-2844M HL		
Күміс түсті/ақ	CFR-32S HL			RFR-3648S HL		
Алтын түсті/ақ	CFR-32G HL			RFR-3648G HL		
Алтын түсті / күміс түсті	CFR-32GS HL	82 см	30 см	RFR-3648GS HL	92 x 122 см	43 см
Жарық саңылаулы	CFR-32T HL			RFR-3648T HL		
Күміс түсті-алтын түсті жолақ	CFR-32M HL			RFR-3648M HL		
Күміс түсті/ақ	CFR-42S HL			RFR-4066S HL		
Алтын түсті/ақ	CFR-42G HL			RFR-4066G HL		
Алтын түсті / күміс түсті	CFR-42GS HL	107 см	40 см	RFR-4066GS HL	102 x 168 см	51 см
Жарық саңылаулы	CFR-42T HL			RFR-4066 HL		
Күміс түсті-алтын түсті жолақ	CFR-42M HL			RFR-4066M HL		

2-кесте. Ауыстырмалы тысқаптары бар дөңгелек және сопақ шағылыстырғыштар.

	Алтын түсті, күміс түсті, жарық саңылаулы, ақ қара (1-де 5)	Алтын түсті, күміс түсті, жарық саңылаулы, ақ, күміс түсті-алтын түсті жолақ, көгілдір, жасыл (1-де 7)	Өлшемі	Жиылған түрдегі өлшемі
Дөңгелек шағылыстырғыштар	CRK-22, CRK-22 HL*	CRK7-22, CRK7-22 HL*	Ø56 см	20 см
	CRK-32, CRK-32 HL*	CRK7-32, CRK7-32 HL*	Ø82 см	30 см
	CRK-42, CRK-42 HL*	CRK7-42, CRK7-42 HL*	Ø107 см	40 см
Сопақ шағылыстырғыштар	RRK-2844, RRK-2844 HL*	RRK7-2844, RRK7-2844 HL*	71 x 112 см	38 см
	RRK-3648, RRK-3648 HL*	RRK7-3648, RRK7-3648 HL*	92 x 122 см	43 см
	RRK-4066, RRK-4066 HL*	RRK7-4066, RRK7-4066 HL*	102 x 168 см	51 см

*-ұстағыштары мен 1/4" бұрандалы монтаждық тесіктері бар шағылыстырғыштағы орындалуы

3 Жиынтықталуы

Бұйым жиынтығына кіреді:

1. Жиылмалы Falcon Eyes шағылыстырғышы 1 дана.
2. Тысқап 1 дана.
3. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық 1 дана.
4. Кепілдік талоны 1 дана.

4. Шағылыстырғыштың құрылымы және онымен жұмыс істеу

4.1 CFRuRFR сериялы шағылыстырғыштар.

Фототүсірімге арналған шағылыстырғыш (немесе лайт диск) - иілгіш қаңқадан және оған керілген жарық шағылыстыратын немесе жартылай мөлдір материалдан жасалған дөңгелек (CFR) немесе сопақ (RFR) пішімді жылдам жиылмалы мобильді құрастырылым. Болат серпімді қаңқа периметр бойымен капрон қалтамен тігілген. Жұмыс істеудің ыңғайлылығы үшін шағылыстырғыштар екі тұтқамен жабдықталған, олардың біреуінде сүйемелдеуші құрылғыға орнатуға арналған 1/4" бұрандалы монтаждық ұяшық бар.



4.2 CRK және RRK сериялы шағылыстырғыштар.

Құрастырылым жартылай мөлдір шашыратқаш мата керілген серіппелі болат құраусаудан тұрады. Болат серпімді қаңқа периметр бойымен капрон қалтамен тігілген. Әрі қарай негізге «сыдырма ілгекке» ілгектенетін арнайы тысқап киілуі мүмкін, оның төрт беттерінің әрқайсысы әртүрлі түрлі болады және өзінің функциясын орындайды.

HL индексі бар CRK және RRK сериялы шағылыстырғыштарда да екі тұтқамен жабдықталған, олардың біреуінде сүйемелдеуші құрылғыға орнатуға арналған ¼" бұрандалы монтаждық ұяшық бар.

4.3 Шағылыстырғыштармен жұмыс

1 және 2-кестелерге сәйкес, шағылыстырғыш беттердің әртүрлі өлшемдері, пішімдері, түстері мен суреті бар, бұны түсірімнің нақты жағдайларына арналған шағылыстырғышты таңдағанда ескеру қажет.

Алтын түсті бет шағылысқан жарыққа алтын тәрізді реңктер береді және сценаға жылы жарық қосады.

Күміс тәрізді бет қатты жарық алу үшін пайдаланылады, бұл кескінді анық көлеңкелері бар кереғарлыққа айналдырады. Шағылыстырудың жоғары коэффициенті осы бетті жиі пайдаланатынның біреуіне айналдырды, оның пайдаланылуы бұлтты күні айрықша уәжді болады.

Ақ шағылыстырғыш бет көлеңкелерді жарықтандыруға арналған біркелкі және жұмсақ жарық ағынын алуға және жарық көлеңкелі суретті тегістеуге мүмкіндік береді, толтырғыш элементі ретінде пайдаланылады. Жарықтандыру көзінің түстер температурасын бұрмаламайды.

Жарық өткізгіш мата ол арқылы өтетін жарық ағынын жарқылдан шағылыстырады және түсіру объектісін сәулеленудің жоғарлағын ауданымен біркелкі жарықтандырады. Осылайша, фотожарқылдақ іске қосылғандағы шұғыл нүктелі жарық үлкен ауданнан сәулеленетін айтарлықтай жұмсақ жарық ағынға түрлендіріледі. Сонымен қатар шағылыстырғышты қатты көлеңкелерді, әсіресе күн тас төбеде болғанда, жұмсарту үшін «жарық саңылауына» пайдалануға болады. Алтын түсті-күміс түсті жолақшалар жарық көзінен шыққан жарық ағынын түсірім объектісіне қайта бағытталатын тиімді бірқалыпты жылы және жұмсақ жарық ағынына түрлендіреді.

Жасыл және көк шағылыстырғыштар хромакей технологиясы бойынша түсірім үшін пайдаланылады.

Түсірім жағдайлары бойынша Сізге қажетті шағылыстырғышты таңдап, оны тысқаптан алып шығыңыз және жайыңыз. Шағылыстырғыш беттің керілуі болат құрсау серіппемен қамтамасыз етіледі. CRK және RRK сериялы шағылысырғыштарды пайдалана отырып, қажетті шағылыстырғыш беті бар тысқапты, алдын ала ондағы сыдырма іюекті ашып, негізгі жарық саңылауы бар қаңқаға кигізіңіз.

Сіз шағылыстырғышты тысқаптан алып шыққаннан кейін, алғашқы пайдаланар алдында, жиылған шағылыстырғыш болатын жайғасымға назар аударуды ұсынамыз. Бұл түсірімді аяқтағаннан кейін шағылыстырғышты бүктеген кезде проблемаларға тап болмау үшін қажет болады.

Үй-жайлардан тыс пайдаланғанда шағылыстырғышты, көзден шағылысқан жарық фотоға түсірілетін объектіге түсіп, қажетті жарық-көлеңкелі сурет түзетіндей етіп, ыңғайлы тұтқаларынан ұстау ұсынылады.

Студияда пайдаланған кезде атауында HL деген индексі бар шағылыстырғыштар 1/4" бұрандалы тесіктің көмегімен тірекке немесе кермеге бекітілуі мүмкін. Басқа шағылыстырғыштар арнайы қысқыштардың (бөлек сатып алынады) көмегімен бекітіледі.

Жұмысты аяқтағаннан кейін шағылыстырғышты бүктеп, сақтау үшін тысқапқа салып қою ұсынылады.

5 Сақтау және техникалық қызмет көрсету

Құрғақ, таза 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығы бар үй-жайда сақтаңыз. Жоғарлаған ылғалдылық жарықтандырғыштың металл бөліктерінің жемірілуіне әкелуі мүмкін.

Сақтар алдында немесе сақтағаннан кейін пайдаланар алдында шағылдырғышты тазалау керек. Оның бензин немесе еріткіштер сияқты химикаттардың әсеріне ұшыратпаңыз. Сұйық немесе аэрозольді тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз. Тазалау үшін құрғақ жұмсақ сулықты немесе жұмсақ щеткасы бар шаңсорғышты пайдаланыңыз.

Бұйым қосымша техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді, жалғыз талап - оны тазалықта ұстау болады.

6 Кепілдікті міндеттемелер

Бүкіл Falcon Eyes өніміне кепілді мерзім 12 ай құрайды. Кепілдік құрылым мен материалдардың ақауларына қолданылады. Кепілдікті міндеттемелер жөндеуді немесе, жөндеу мүмкін болмаған жағдайда, тауардың жаңаға, бірақ тауардың каталогтық құнынан аспайтынға ауыстырылуын қамтиды. Кепілдік қате пайдаланудан немесе тауарға қызмет көрсету ережелерін сақтамаудан туындаған бұзылулар және/немесе ақауларға қолданылмайды.

Сонымен қатар кепілдік келесі жағдайларда өзінің күшінен айырылады: Рұқсат етілмеген жөндеу жүргізу немесе құрылымына өндіруші зауытпен қарастырылмаған өзгерістерді енгізу талпыныстары.

Пайдалану, тасымалдау кезінде пайда болған механикалық зақымданулардың бар болуына, жаншылулардың, сызаттардың және т. б. бар болуына.

Құрылғының ішіне бөгде заттардың (су, лас, жәндіктер және т. б.) түсуінен туындаған зақымданулар. Бейстандартты шығыс материалдарды және қосалқы бөлшектерді пайдаланудан, жоғары температурадан, оттан, ылғалдан, жәндіктерден, жануарлардан туындаған зақымданулар.

*Бейстандартты шығыс материалдарды және қосалқы бөлшектерді пайдаланудан туындаған зақымданулар бар болғанда.

ҚХР-да жасалған.

Кепілдікті қазмет көрсету сұрақтары бойынша «Наблюдательные приборы» ЖШҚ-ға келесі мекенжай бойынша жүгіну керек:

197101 Санкт-Петербург қ. Саблинская к-сі, 10
тел.: +7 (812) 233-49-05

www.falcon-eyes.ru
www.youtube.com/c/FalconEyesRus
www.vk.com/fe_photo